

Көктерек ауылдық округінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 05 қарашадағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 03 желтоқсанда № 3108 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 19.11.2014 № 10 шешімімен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Үржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялы инспекторының 2013 жылдың 06 маусым № 552 ұсынысы негізінде Көктерек ауылдық округі әкімі
Ш Е Ш Т І :

1. Көктерек ауылдық округінде мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы М. Доскеевке осы шектеу іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын .

3. Көктерек ауылдық округінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық мал дәрігері М. Бейсенбаева сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

Көктерек ауылдық округінің әкімі

Т. Қасенов

Келісілді:

Қазақстан Республикасы ауыл
шаруашылық Министрлігі
ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Үржар
аудандық аумақтық инспекциясының
мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық
инспекторы

М. Доскеев

0 5	қ а р а ш а	2 0 1 3	ж ы л
-----	-------------	---------	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК